

"2020-2022 жылдарға арналған Сарбұлақ ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №368 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 наурыздағы № 397 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 7278 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Сарбұлақ ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 368 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7106 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Сарбұлақ ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 - қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 38049 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 921 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 37128 мың теңге;

2) шығындар – 38049 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

3 тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) мәдениет саласы 1333 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс ІІІ сессиясының төрағасы

Ғ. ӘЛІШ

Қазалы аудандық мәслихат хатшысы

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 наурызы № 397 шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсаны № 368 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Сарбұлақ ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың тенге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	38049
1			Салықтық түсімдер	921
	04		Меншікке салынатын салықтар	921
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3
		3	Жер салығы	24
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	894
4			Трансферттердің түсімдері	37128
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	37128
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	37128
Функционалдық топ				
			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
			Бағдарлама	

			Атауы	
			2. Шығындар	38049
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20131
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	20131
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20131
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4413
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1325
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1325
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	3088
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	964
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1874
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12631
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	12631
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	12631

12			Көлік және коммуникация	874
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	874
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	874
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0